




Nura

Abai: Adamzattyñ barın süi bauyrym dep

№5(5809)
02 ақпан 2023 жыл
beisenbi



Qoғamdyq-saiasi gazeti

www.gazetanura.kz

@gazeta-nura@mail.ru

facebook.com/nuragazeta

@gazetanura

Gazet 1932 жылдан bastap шығады

Ақорда

Елорданы дамыту мәселелері жөнінде кеңес болып өтті

«Біз Астананы жасампаз, жайлы және таза қала қағидасына сәйкес дамытуымыз керек. Әлемдегі барлық озық тәжірибені тиімді пайдалануымыз керек.

Жалпы, Астананың қазіргі ауыр жағдайын тез арада өзгерту маңызды. Елорданы жаңғырту қажет. Осы мақсатпен қаланың даму стратегиясын қайта қараған жөн. Құжатта қаланы кешенді

түрде дамытудың негізгі бағыт-бағдары айқын көрсетілуге тиіс. Әкімдікке арнайы қоғамдық тыңдау өткізіп, қаланың жаңа Бас жоспарын әзірлеуді тапсырамын. Сосын Үкімет оны жыл соңына дейін мақұлдауы керек. Президент Әкімшілігі жұмыстың уақтылы әрі сапалы орындалуын бақылауға алады. Сіздерден нақты нәтиже күтеміз»



Прошло совещание по вопросам развития столицы

«Мы должны развивать Астану по принципу созидательного, комфортного и чистого города. При этом мы стремимся к передовым стандартам Дубая, Сингапура и европейских городов.

Нам следует как можно скорее изменить текущее состояние дел. Необходимо модернизировать столицу. В первую очередь, нужно актуализировать Стратегию развития города до 2050 года. В этом

документе должны быть определены основные направления комплексного развития города. Поручаю акимату Астаны провести общественные слушания и разработать новый Генеральный план столицы. Далее Правительство должно его принять до конца этого года. Администрации Президента необходимо обеспечить контроль за его своевременным и качественным исполнением. Жду от вас конкретных результатов»

Нұра нақыштары

ЖЕМІСТІ САПАР

Алдыңғы күні ауданымызға облыс әкімінің орынбасары Бауыржан Қоңырбайұлы Асанов келіп қайтты. Бұл сапардың басты мақсаты егінді алқабы өте ауқымды, мыңғыраған мал баққан нұралықтардың жағдайымен танысу болса, шаруа баққан азаматтарды толғандырып отырған мәселелермен танысып, алдағы күндердің жоспарымен танысу еді.

Асанов мырзаның ат басын алғашқы бұрған жері «Қайнар» шаруашылығы болды. Мұндағы асыл тұқымды ірі қараның жай-күйі жайлы, шаруашылық жүргізудегі туындап отырған мәселелер жайлы серіктестіктің басшысы Сейітжаппар Нығметов егжей-тегжейлі баяндап берді.

Жараспай серіктестігіне тоқтаған басшы мұндағы көкемгі егіс жұмысына даярланып жатқан техниканы өз көзімен көрді. Кезінде 30 мың гектарға жуық жерге дән сіңіріп, соның қызығын көрген дикандар қауымын толғандырып отырған мәселелер жоқ емес. Шаруашылық басшысы Сейітхан Қоңырбаев облыс басшысын жараспайлықтардың бүгінгі күні тіршілігімен таныстырды.

«Шахтер» шаруашылығы облыс көлемінде қана емес, бүкіл республикаға танымал. Бауыржан Асановты аса қызықтырған ауылдың әлеуметтік келбеті болды. Серіктестік төрағасы Георгий Прокоп ауылда салынып жатқан орталық жылу қазандығымен таныстырды. Алғашқы кезегі іске қосылып, ауылдың орталық көшесінің тұрғындары қақаған қыс кезінде үйге от жағу машақатынан құтылған. Қазандықтың екінші кезегі іске қосылғанда, бүкіл ауыл тұрғындары пеш жағу, құл шығару бейнетінен біржола ада болады. Әр үйге тартылған су құбырынан енді ыстық судың да ағу мүмкіндігі бар. «Шахтерде» салынған спорт кешендері, әсіресе, хоккей корты облыс басшысының назарынан тыс қалған жоқ.

«Шахтердағы» мәдениет үйіне жиналған ауданның шаруашылық басшылары келер жылғы мәселелерді талқыға салды. Облыс әкімінің орынбасары шаруа қожалықтарының, шаруашылық басшыларының бірқатар сауалдарына жауап берді.

Өз тілшімізден

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ГРАНТТЫ ҰТЫП АЛДЫ

Нұра кентінің тұрғыны Жакудин Сапарбек Сабырұлы мүмкіндігі шектеулі азаматтар санаты бойынша 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын бағытында мемлекеттік грантты жеңіп алды. Қазіргі кезде Сапарбек массаж қызметтерін көрсету ісін ашып, өз жұмысын жалғастыруда.

Өз ақпараттарымыз

ВЫИГРАЛ ГРАНТ

Житель п.Нұра Жакудин Сапарбек Сабырович в рамках Национального проекта по развитию предпринимательства на 2021-2025 годы по категории лиц с ограниченными возможностями выиграл государственный грант для открытия бизнеса по оказанию массажных услуг.

Собств.инфо



19
НАУРЫЗ
МАРТА
2023

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ
ЖАСА!
СДЕЛАЙ СВОЙ ВЫБОР!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ

ВЫБОРЫ
ДЕПУТАТОВ МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
И МАСЛИХАТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Өзекті мәселе

«СЕНБЕУШІЛІК СИНДРОМЫ»

Мемлекет басшысы елдің көңіл түкпірінде тыпырлап тұрған ойларды дөп басып, Үкімет мүшелері мен әкімдерге тапсырманы берудей-ақ беріп келеді. Сол жиналыста отырған әкім-қаралар «Дұрыс! Сөйту керек!» деп бас шұлғысып алған соң, былай шыға бере баяғы, әкестің кезіндегідей, «арқасын кеңге салып» қайтадан еркінсиді. Өз кеңесіне жеткен соң аппаратын жинап алып, президенттің сөзін қайталап, өзі басшы болып отырған ұжымға соның мәнін түсіндірген болады. Төменгі буындағы басшылар да әкімнің, министрдің алдынан бас шұлғысып тарқайды. Оны күнде көріп жүрміз.

Бұлай демесе амал жоқ. Қазіргі кезде еліміздің Үкіметі қызмет көрсету, тоуар бағасын өсіруден әлемде алдына жан салмай отырғандай. Теңгеміздің күнсызданып бара жатқанын арнайы экономикалық білімі жоқ бала-шағамыз бен үйдегі асүйіміздің иесіне деген сезіп отыр. Министрлер мен әкімдер Ақордадан тапсырманы алады... араға апта салмай жатып жоғарыға «...сөйтіп-бүйтіп...» деп есепті беріп тастайды да, қолын қалтасына салып, ысықырып баяғы әуеніне қайта басып жүрген сияқты. Әйтпесе бағаның шарықтауы неге тоқтамай тұр?

Жаңа Қазақстан құрамыз деп қанша талпынғанмызбен, кезінде Назарбаев өз қолымен құрған жүйенің тұтасты бұзылса да, сені жүре қойған жоқ.

Сырт көзге жоғары лауазымды мемлекеттік қызметте отырғандардың жартысынан астамы Жаңа Қазақстан құруға қарсы сияқты немесе оны қалай құру керек екендігін мүлде түсінбейтін адамдар болып көрініп отыр. Өйткені баршасының аяқ алысы әлі баяғыша, авторитарлық жүйенің екпінен әлі шыға алмай жүргендей. Ендеше елдің әл-ауқатының төмендеп бара жатқанын ел ішіндегі атқамінерлер неге сезбейді? Аспандап бара жатқан бағаны неге тізгіндемейді?

Шеңділердің басқару қабылдеттерінің төмен екенін солар өткізіп жүрген жиналыстар мен кеңестердің мазмұнынан-ақ түсінуге болады. Жиындардың дені баяғы кеңестік кезеңдегідей «сөйтеміз», «бүйтеміз», «алдағы уақытта бәрін қатырамыз...» деген сияқты құрғақ уәдемен аяқталатын теледидардан көріп те жүрміз, кәзитордерден оқып та жүрміз.

«Құрғақ қасық ауыз жырталды». Жұрт әкім-қаралардың көпшілігінің сөзіне сенбейді.

Экстен қалған жүйені бұзып жарып, тың идеяларымен жарқ ете қалатын не бір министрді, не бір әкімді көре алмай жүрміз-ау...

Өйткені біздің қоғамда желге қарсы жүретін адам жоқтың қасы. Сондықтан да болар, басшылар корпусының басым бөлігі ықпен жорта беруді таңдап алғандай.

Кез келген ресми, ресми емес жиындарда басшылықтың атына сын айтылмай тұрмайды.

«Дәлелің қәне, сонда?» дегенде, «ел айтып жүр ғой...»—

дейді, беті бұлқ етпей. Жұртқа сенсең басшылық нашар, оппозиция жаман, депутат боламын деп жүрген өнебіреудің де онып тұрғаны шамалды болып шығады.

Міне сондықтан да, Қазақстан деген ел осы күні әлем рейтингінде ең төменгі сенімдегі ел қатарында тұр.

Қатар жүргендерді тыңдап көрсеңіз «қайда барсаң да Қорқыттың көрі». Қоғамда жөні түзу адам, жібі түзу шаруа қалмағандай. Оңды шаруа болса да сол жұртқа көрінбей тұр.

Мұны неге айтып отырмыз? Мұндай ешкімге, ештемеге сенбейтін қоғамды басқару қазіргі керанау атқамінерлерге тіпті оңай! Біз мұны өткенбіз. Дежавью! Елге пайдасы тиісін деп өзіңше талпынып жүрген азаматты сол елдің өзі есекке теріс мінгізіп жіберуге дайын тұр. «Бұл бұрынғы биліктің жобасы», «бұл ана министрдің (депутаттың, әкімнің) адамы», тіпті «бұл қытайдың шпियोны...» деп соғатындарын қайтерсің! Жұрт әлгі шын пейілді азаматқа емес, жұрт айтқан қаңқау сөзге сенеді. Тіпті ата көршімізге, пәлен жыл қатар жүрген жолдасқа сенуден қалып барамыз.

Бүгінгі күннің көрінісі – отыз жыл ел басқарып, жұртты есалаң қылып қойған экс-президент құрып кеткен жүйенің жемісі. Сол кездегі шеңділер жұрттың сенбеушілікке үйретіп алды да, соны тамаша пайдалана білді.

Назарбаевтың кезіндегі сайлауды естеріңізге түсірейін. Қаңқау сөзден басқа ешкімге сенбейтін қоғам кімді сайларын білмей, бостекі сөз көбейіп тұрғанда, зымынан билік басындағылар жұтқа жымия қарап «егер сіздер үшін бәрі оңбаған, сұмпайы болса, онда біз сіздерге мына азаматты ұсынамыз» дегенге саятын пайымын алға тартты ғой. Сонда қазақ қоғамы бас шұлғыған. Сол кезде әкестің «ұсынысымен» басқару жүйесіне келгендердің біразы әлі сол қатарда жүрсе, біразының баласы, немересі сол қатардағы көш ішінде жүр...

Сондайлардан құтылмай жұрттың сеніміне не болу мүмкін еместігі бүгінгі маңызды мәселе болып тұр.

Жаңа Қазақстан құрамыз деушілердің ішінде, сөз жоқ, тегеурінді, іске дайын, тың ойлы азаматтар бар. Бірақ олардың дауысын жаппай сенбеушілік пен күмәнданушылардың мысы басып тұр.

Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауы қарсаңында партиялардан да, одан тыс, өздерін өздері кандидат қылып ұсынып отырған азаматтардың басына осындай сенбеушілік бұлты үйіріліп тұрғанын несіне жасырамыз?

Тегі дұрыс, ынтымақты отбасында өскен адам кісіні сыртынан ғайбаттамас болар. Жақсылықты көремін деген адам тек жақсылықты көреді де, ғайбат сөзге саңырау болады.

Қазір жаңа саяси мәдениетті қалыптастыру кезеңі өтіп жатыр. Бұл күндер де артта қалар.

Алдымызда шынайы демократияның жарқын күндері тұрғанына сенейік.

Нұрхан МЫНБАЙ

Орайы келген өңгіме...

АҚСАҚАЛДЫҢ АСЫЛЫ АҚЫЛЫНАН БІЛНЕР...

Қарағым, қартайған адамның ақылынан гөрі сөзі көп болады. Өзіндей өрімдей жігіттерге бізде батадан басқа не қалды...

Өңгіме тиегі осылай ашылды. Мекенді, Мейірхан мұғалімді Нұра бойында танымайтын адам кем де кем. Мейірхан деген атының өзі неге тұрады. Ұстаз болған соң манайына мейірімін шашып жүретін адам екенін жұрттың бәрі біледі.

Менің жақын туысым, Лау мырзаның ұрпақтарының бірі болса да, әкесі «халық жауы» атанса да, елге қажыры мен қайратын жұмсаған. Сталин өлген соң ғана үлкен қызметке іліккен Зекен Рақымжанұлы Қайырбеков Мекенді «Біздің Мейірхан» деп ерекшелеп отыратын. Онысының жөні бар. Сол үйдің жеңемізді ағай еркелете Маня деп атаса, ел адамдары Мәнә дейтін. Ол кісінің құжаттағы есімі Меруерт екенін кейін білдік. Өңгіме болып отырған жеңемізге нағашылық жақындығы бар Мейірхан ағайды елге келгенімде алғаш рет сол үйдің шаңырағында көрген едім.

Келбеті мен ақылы тоғысқан ел ағасын жұрт қандай жақсы сипатпен атаса да жарасымды.

«Әйелді табағынан байқа, ер-азаматты талабынан байқа» демекші, кешегі қылшылдаған жас жігіт Мейірхан мұғалімнен білім ғана емес, тәлім мен тәрбиені қатар алған шәкірттердің өзі бүгінгі күні шау тартқан ақсақал болған. Елде тоқсанның төбесіне шығып, жүзге қарай аяқ басудың алдында отырған қария санаулы-ақ. Соның біреуі ғана емес, бірегейі Мейірхан ағаны жұртшылық әлі мұғалім дейді.

Жеңеміз Мәрия қайтапастың кемесіне мініп кеткеніне оншақты жылдан асып барады. Мекені сонда да жүнжімеді. Балалары мен немерелерінің алдында боркемтіктік танытпады. Қажырлы қалпын сақтай білді. Сонда жан күйзелісін:

«...Ақыл айтып, қатемді түзететін, Үйге әкелген бірімді жүз ететін, Енді кімге ашамын ішкі сырды, Күндер туды қабырға күзететін...» деп, ақ қағазға түсірген... Содан бері сыртынан амандығын



біліп, есендігін тілеп отырсақ та, ақсақалмен жүздесудің сәті түспеген.

Ердің жақсысы елімен ойласады. Кезінде социализмді кемелдендіруге ат салысқан, ел ішіндегі талапты шәкірттерді тәрбиелеп қатарға қосқан қарт ұстазға сәлем бере арнайы ат басын сол үйдің шаңырағына тіредік.

Басты мақсат – көзі ашық, көкірегі ояу ақсақалмен ел жағдайы, жұрттың ахуалы жайлы пікір алысу.

Ақсақал әлі тын. Сөзі де бұрынғыдай, салмақты. Ойы да кесек-кесек.

– Осы күнгі бар тіршілігің өтетін жер – осы төсек. Сар жамбас болып жатқаннан емес. Әшейін, мен істейтін шаруа жоқ. Өзің сияқты жас та албырт кезімізде, таң атар-атпастан малды жайғап тастап, жуынып-шайынып, таза көйлек пен таза костюм-шалбарымызды,

былайша айтсақ, қызмет «формаңызды» үстімізге іле салып, галтугімізді шокпардай қылып байлай салып, мектепке жеткенше асығатынбыз. Бүкіл өміріміз мектеп пен үйдің арасында өтті ғой. Жоқ, оған өкінбеймін. Өр шәкірттің өзіннен асқанын тілеп жүретін мұғалім емесің бе?

Өткен ғасырдың елуінші жылдарының соңын ала Қарағанды педагогика институтының химия-биология факультетін үздік бітірген Мейірханды институттың аспирантурасына қалдырудың орайы келіп тұрса да, еліне жетуге асыққан Мекенді Қара Нұрасына жолдаманы өзі тілеп алған. Сондан бері мектеп есігін ұстаздықпен ашқан Мейірхан Айтжантегі ұстаздықтан қол үзбеген. Зейнеткерлікке шыққанша бар білімі мен қарымын шәкірт дайындауға жұмсаған.

– Аға, әлі де болса арамызда жүре тұрыңыз, денсаулығыңыздың мықты бола беруіне тілектестігімізді білдіргелі келдік...

– Рақмет, бауырым! Бірақ, қатарым кеміді, көңлі жақын кісі азайды. Жеңгеннің жөні бөлек еді ғой. Маңайым жалаңаш қалғандай. Кешегі ағаларың Рақымжанның Зекені, Мұқанның Сымағұлы, Асайынның Хамиті, Сымағұлдың Мұқатайы... бәрі кеткен.

Ақындығым, талантым асқандықтан емес, кейде ішіме қайғының запыраны түсіп кеткенде, шумақ-шумақ жыр өзінен өзі төгіліп түседі.

Мекеннің үлкен ұлы Қайыржанның өзі зейнет жасына жетіп қалған. Көп жылдан бері заң, құқық қорғау саласында істеген Қайыржаны осы күні Қарағанды қаласының Әлихан Бөкейхан атындағы ауданының соты. Келіні Ботагөз прокуратурада істеп, полковник дәрежесінде отставкаға шыққан.

Мекеннің 75 жылдық мерейтойы қарсаңында келіні Ботагөз Базарбайқызы атасының бір топ өлеңдерін жинастырып, басын құрап, «Көңіл толқыны» деген атпен өз қаражатына жинақ қылып басып шығарып беріпті. Сонда ақсақалдың мерейі бір тасыған.

Қазір Мейірхан ақсақал кенже ұлы, аудандық телекоммуникациялар мекемесінің басшысы Қайрат пен келіні Жанардың,

немерелері мен шөберелерінің қызығын қызықтап отыр.

– Біздің осы Нұра ауданын басқарған біраз азаматпен тонның ішкі бауындай жақын араластық. Біздің жер киелі ғой, шіркін. Осында басы болып келген көп азаматтың тасы өрге домалап, қызмет лауазымдары өсіп, Алматыға, Астанаға қоныс аударып кетті. Солардың ешқайсысы Қара Нұраның бойынан зәбір көрдім деп айтпайтынына кәміл сенімдімін.

Негізі, ауданға жетекшілік еткен басшылардың ешқайсына өкпем жоқ. Зейнеткерлікте жүрсем де мереке сайын үйге келіп, құттықтап, амандығымды біліп кетіп тұрады. Ардагерлер кеңесіндегі азаматтар амандық-саулығымызды біліп отырады. Жақында аудан басшылығына Бақытжан Мұқанов деген азамат келді тіп естіп жатырмын. Әлі көре қойғам жоқ. Ісіне сәттілік тілеп, батамды беруден басқа біздің қолдан не келеді?..

Газеттерінді алып тұрамын. Зерделеп оқып отырамын. Біраз аруақтардың атын атап, жұрттың санасына құйып келе жатқандарың ұнайды. Жұрттың зерлесін солай оятқан дұрыс. Академик Кәрім Мыңбаев, әдебиет қайраткері Сәйді Талжанов, өнер қайраткері Әмен Қайдаров және басқа нұралық тұлғалар жайлы біраз жаздындар. Меніңше, бұл аз. Аудан басқарып отырған азаматтар елдің жадындағы тұлғалар жайлы іс-шараларды көбірек өткізіп отырса, нұр үстіне нұр болар еді ғой. Өскелең ұрпақ туған жерінің тарихы мен қасиетін танып, аруақты есімдерді мәңгілік ұмытпас еді, сонда. Солардың өмірі мен қызметін, қазақ еліне сіңірген еңбектерін үлгі тұтар еді.

Қолыңды жай, бауырым, батамды берейін. Өмірің гүмұрылы да сәнді болсын! Ұрпағың бақытты болсын! Қазақ еліне гүлдену мен шатты да шадыманды амандық тілеймін.

Қайда жүрсен аман бол!

... Қарияға сәлемдесе келіп, бір сағаттай әңгіме-дүкен құрғанымызға еш өкінбедік. Қайта, ақсақалдың тілеуі мен кеңесі жана белеске жетелегендей болды.

Тілегі – ақ, пейілі – пәк, көкірегі жазып қойған хаттай қарттарым аман-сау болсыншы!

Нұрхан ХАМЗЕҰЛЫ

Билығы мерейтой иесі

АҚЫН МАХМЕТПЕЛІНҢ СЫРШЫЛ ШУМАҚТАРЫ

Жарық дүниеге келгеніне биыл ғасыр толатын Махмет Темірұлының есімі оқырман қауымға таныстыруды қажет етпейді. Ұстаз, ақын, ұлт азаттығы, ел тәуелсіздігі жолындағы батыл ой-пікірлері мен іс-әрекеттері үшін сонау студенттік шағынан кеңестік тоталитарлық қоғамның қаһарына ілініп, жазаланған күрескер тұлға. Сан қырлы, жан-жақты талантты Махмет Темірұлы өзінің туған жерін, өскен елін жанындай жақсы көретін патриот адам еді. Ол қара Нұраның қасиетті топырағында кіндік қаны тамған малағай тұлғаларды әрдайым пір тұтып, мақтаншы етіп, өскелең ұрпақты сол ағалар жетелуге үндейтін.

Ұстаз ақынның төмендегі шумақтары осыдан бір мушел уақыт бұрын облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің бетінде жарық көріпті. Күрескер тұлғаның 100 жылдығына орай «NURA» газетінің бетіне Махмет Темірұлы жайлы мақалалар мен естеліктер және оның өз шығармаларын жариялауды жоспарлап отырмыз. Соның алғашқысы – осы.

Нұра ауданының 80 жылдығы қарсаңында

НҰРЛЫ НҰРА САҢЛАҚТАРЫ (толғау)



Суалың Нұра салып, тартылмайды, Сөйіпін балық, шоршып шолтыдайды. Абырдап суы тамып, таси берсе, Халықтың ырзық-дәмі таусылмайды.

Қурақ, тал самал желің сыйдыр қаққан, Арқының төсін жарып ағын жатқан. Елшеің елің өскен дөбегіндей, Мекендең талай халық қоныс тапқан.

Талай қилы кезеңді бастап кешіп, Бүгінде келе жатыр халық өсіп. Мәпелер бәрімізді төрбеттейді, Нұрадай жер асылы алтын бесік.

Халыққа түскен кезде ауыр салмақ, Әділдік, түзу жалаң алған таңдап. Елі үшін еңбек етіп ерен туған, Нұрадан шыққан екен талай саңлақ.

Абдалма ең алдымен түседі еске, Сөзгеннің жан аялас досы емес пе?! Амысқан елге еркіндік әперем деп, Балаң ма ердің ісін ескермеске.

Ешкімді бөлектеней, қақпай шетке, Көрімдер ұнап еді қалың көпке. Жал салған ғылымның құзына өрлеп, Еңбегі мәңгі жасап, қалмас текке.

Шиналы күміс сумен бетін жуған, Нұрадан талай саңлақ ақын туған. Айнадеков Қайып та – соның бірі, Жасынан оза шауып, өнер құған.

Қобызшы, қалдырашы жүйрік ақын, Халқының өмір бойы жүрген жақын. Ерекше жаратылған бір жан еді, Мәңгі шабыттанса ағылатын.

Жалдықей жүйрік ақын желдей ескен, Өлеңі бұрқыраған бұлттай көшкен. Қызықты әңгіменің бұлағы еді, Шықпайтын бір естісең өмірі естен.

Құрметпен, қадір тұтып Сәйді атын, Оқиды кітаптарын, жазған хатын. Жас ұрпақ өсіп жатқан мектебі бар, Ғылымның есімінен аталамын.

Алаштың асыл ұлы Бүркіт ақын, Ғылымға құлаш ұрып тамынамын. Әрі ақын, әрі ғалым төрең ойлы, Көп өнер бір басынан табылатын.

Денеге жазылмастай уын сепкен, Көрген жан құғын-сүйіністер өкпелі. Бұраудан елім шығып, құтылса-ау деп, Армандап азаттықты аңсап өткен.

Қайыспай қиындықтан белгі бұрып, Белсеніп Дәкен шықты білім құрып. Ғылымның биігіне өрлеп еді, Сұл ажал ерте жүйіткі түсі суық.

Қабікен шешен еді сөзге жүйрік, Алатын кім балам да ішке үйіріп. Әдемі жыр маржаны төгілетін, Бәрінің өлең жазса бір шүйіліп.

Сөздері Дәулетбектің көпке жаққан, Сүйсініп тыңдаған жан таңдай қаққан. Бір сырлы, сегіз қырлы адам еді, Ән-жырды қалдырамен бұрқыратқан.

Атақты адам болып соның көбі, Бұл өлке абдалардың шыққан жері. Мұтәшпай дабырлығы көпке әйгілі, Белгілі Айтуғанов Еңбек Ері.

Жүйріктей суырғылып өзген көптен, Қайтпайтын қасқыр адам алған беттен. Жапаров Ермектей жан туар сырға, Аялдай Отан үшін терің төккен.

Кім билес Оралбай мен Болат атын, Елдер бұл ауыз тала мақтанытын. Тазағұл бізден шыққан тұңғыш әйел, Ғылымның докторы деп аталамын.

Жығылып кіргізгендей адам есін, Талай тың мағлұматқа кенелесің. Қызығын күндіз-түні жұрт оқиды Мәкеш пен Мамақайдың шежіресін.

Еңбек етіп сескенбей қиындықтан, Білімнің дәмін тамып, соғын ұққан. Құлаш ұрып ғылымның шыңына өрлеп, Хайралла, Тұяқ, Қылым, Төкен шыққан.

Әрқайсын баға жетпес жанға балап, Жырлауға абдаларды қылғым талап. Елімнен шыққан саңлақ, асылдар көп, Түбіне жете алмастың бәрі санал.

Менісін еркіндіктің елім көріп, Келеді ел мен жерге бітім керік. Халқымың қадір тұтқан мақсаты сап – Көркейтсе өз Отанын мықтап берік.

Көргің бе Астанадай тамашаны, Қандай өсем қаламен тамасағы. Орнатқан Нұрсұлтанның нұрлы өмірі, Қалайша мақтасаң да жарасағы.

Бұрауды мойындағы жұмып тастап, Адапас түзу жалаң түстік бастап. Ерікті азат едің жұртыңымын, Шағыртып естіледі үнім асқақ.

Мекенім түбін-өскен нұрлы Нұра, Құт қоныс аталыңдан қылған мұра. Алаштың отан сүйген ұрпағымыз, Ең жайлап кең даланы өскен бұла.

Махмет ТЕМІРҰЛЫ

Көбетей аулы, НҰРА ауданы. («Орталық Қазақстан» газеті, №134-135 (20 518), 30 тамыз, 2008 жыл)

● Адам. Қоғам. Дін

● Человек. Общество. Религия.



Діни тұрақтылық – ел бірлігінің алтын қазығы

Елімізде тәуелсіздік жылдарынан кейінгі руханиятымыздың қайта түлеуі қоғамдық-саяси ахуалға да өзіндік үлесін қосты. Сан ғасырлық тарихи, мәдени құндылықтарымыздың ажырамас бөлшегіне айналып, өзіндік ықпалын тигізді. Халқымыз діни ұстанымын шешендік өнерінде, нақыл сөзінде, жыр-дастандарында мен тұрмыс-салтында етене байланыстырып, ажырамас құндылығына айналдырған.

Отарлық кезеңде бінсіздендіру саясаты белең алған тұста да тұтас халықтың руханияттан қол үзіп қалмауының негізгі себебі осында. Бейбіт аспан астында тең құқылы конфессиялар мемлекетіміздің мәдени дамуы мен саяси тұрақтылығына үлес қосуда.

Зайырлы мемлекет ұстанымында дін мемлекеттен бөлек қарастырылғанымен, дін – адамзаттың санасындағы ажырамас сенім екендігін ескергеніміз жөн. Қандайда бір ұлттың наным-сенімі, тарихи дүниетанымы мен ұлттық болмысының қалыптасуында үлкен мәнге ие. Ата Заңымызда көрсетілгендей: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары». Демек, егемен еліміз ұлтына, нәсілі мен сеніміне қарамай ортақ шаңырақ астында тең құқылы өмір сүру – толеранттылықтың негізгі қағидаларының бірі екендігін әлемге паш етті. Бас қалада өтетін әлемдік және достарлы діндер көшбасшылары сөзі әлемдегі дінаралық қатынасқа орасан үлес қосуда. Дамушы мемлекеттің даму жолында жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақты қаптайтқын, керегенді сөгуді көздейтін түрлі топтардың әрекетсіз

қалмауы бесенеден белгілі. Ал әлемдік саясатта жаугершілік соғысқа қарағанда адамдардың наным-сеніміне алауыздық ұшқынның тұтату әлдеқайда тиімді саналады. Мәселен, діни сипаттағы идеологиялық келіспеушілік салдарынан Таяу Шығыс, Солтүстік Африка, Шам елі мен Ауғанстандағы саяси тұрақтылықты шайқап, бейбіт тұрғындардың шеккен залалын әлемдік БАҚ жарыса жазды. Алысқа ұзамай, еліміздегі Ақтөбе, Астана, Атырау, Тараз және Алматы қалаларындағы құқық қорғау қызметкерлеріне қарсы ұйымдастырылған терактілер салдарынан қаншама қан төгілгені ел есінде. Әлемдік діндердің қайсыбірі болмасын бейбітшілік пен татулыққа үндейтіні мәлім. Ал діни сипаттағы лаңкестер қайдан шықты? Бұл сұрақтың жауабын біз әлгінде ғана бердік.

Кенияның мемлекет қайраткері әрі тұңғыш президенті Джомо Кениаттаның (1894-1978): «Батыстық басқыншылар келгенде олардың қолында Інжіл кітабы, біздің қолымызда аталарымыздан қалған жеріміз болған. Олар бізге көзімізді жұмып дұға жасауды үйретті. Көзімізді ашсақ, біздің қолымызда Інжіл, олардың ұсынысында жеріміз кетіпті», – деген сөзі бар. Саналы ұрпақ ұлттық болмысымызға бояуы келіспейтін, өзгені қансығы таңсық болудың соңы нендей зардаппен тәмамдалатынын зерлесіне қондыра алса игі. Данышпан ата-бабаларымыз: «Бетеге кетсе – бел қалады, бектер кетсе – ел қалады, берекен кетсе нең қалады?!» – деген. Ал діни тұрақтылық – ел бірлігінің қазығы іспетті.

Қожахмет КЕҢЕСБЕКОВ,

Дін мәселелерін зерттеу орталығының дінтанушы аға маманы

ҚЫЗЫЛОРДА облысы

В ЧЕМ ОПАСНОСТЬ ИДЕОЛОГИИ САЛАФИТСКИХ ТЕЧЕНИЙ?

В данной статье речь пойдет об идеологии салафитских течений, которые несмотря на долгие внутренние конфликты, все равно продолжают свой пагубный призыв во всем Исламском мире. Остро это коснулось и нашей Республики, где сегодня они очень активно продвигают свои конфликтно-религиозные доктрины в массы. Несмотря на то, что в последние годы многие лидеры данных течений взяты на особый контроль, а некоторые даже заключены под стражу, все равно приходится наблюдать их численный прирост. «Считаем, для Республики Казахстан салафизм неприемлемым и деструктивным религиозным течением» – Н. Ермакбаев, министр по делам религий, 2017 г.

хариджитов была жесткость, переходящая в жестокость, это мы наблюдаем и у наших современных крайних салафитов. В свое время древние хариджиты не признавали авторитетных сподвижников, выдающихся ученых, под лозунгом «джихада» убивали женщин и детей. Проявляли нетерпимость к иноверам. Однако, в хадисе говорится: «Тот, кто лишен доброты, тот лишен всего блага» (Абу Давуд). Исламские исследователи – алиммы говорят, что последователи хариджизма были из века в век, как пришло в хадисах. Их не мало и сейчас в наше время. В наши дни их роль исполняют современные салафитские группировки. Еще около 200 лет назад известный ученый ханафитско-

ных версий, также последователи Абу Катады Фалистани, Костекского и многих других. Даже сами мадхалиты раскололись на две группы из-за конфликта своих же шейхов. Догматика всех выше перечисленных течений лежит в основе книг Мухаммада ибн Абдульваххабаат-Тамими ан-Наджди (1703 – 1792).

Данные группы делятся и множатся, а затем противопоставляются не только традиционному исламу, но и своим же коллегам по лагерю в следствии того, что в самой основе данных течений лежит конфликт. Конфликт – это экзистенциальная цель данных течений. Именно поэтому законодательство нашей страны определяет их как «деструктив-

шими из Ислама. Пишет Мухаммеда Абд аль-Ваххаб и о самом себе: «И я рассказываю вам о самом себе. Клянусь Аллахом, кроме которого нет достойного поклонения! Я приобрел знания, и тот, кто знал меня был убежден что я обладаю неким познанием, а я в то время не знал смысла слов Ля ИляхаИлляЛлах и не знал Религии Ислам, прежде этого блага, которым Аллах меня одарил. И также и мои шейхи: среди них не было ни одного человека, кто знал бы это. Так вот, тот из ученых 'Арида, кто станет притязать на то, что он знал смысл слов Ля ИляхаИлляЛлах или знал смысл Ислама до этого времени, или же станет утверждать, что кто-то из его шейхов знал это – то он солжет,



Интересный факт – призывающие активисты этих групп в нашей стране всего лишь студенты, которые едва научились бегло читать арабские тексты. Они не обладают научными степенями, не имеют заслуг в сфере научно-исламской мысли, среди данных лидеров мы видим простых молодых людей, которые активно переводят для своей аудитории различные труды и брошюры своих псевдо-шейхов. В основном, все эти работы направлены на разделение исламской общины. По чему же так происходит? Посмотрев со стороны на активистов этих групп, на первый взгляд может сложиться положительное впечатление, вроде они искренние, жаждающие истины ребята, которые, казалось бы, готовы отдать свои жизни в борьбе за чистый Ислам. Они горячо цитируют аяты священного Корана, приводят в качестве довода заученные наизусть хадисы Пророка Мухаммада (мир ему), могут апеллировать мнением различных ученых из прошлого и т.д. Так в чем же дело? Почему все ученые ахли сунны сильно порицают и предупреждают от них? Одна из причин – это то, что Посланник Аллаха (мир ему) предупреждал свою общину об их пришествии. Например, в одном из своих высказываний он сказал: «Появятся люди в моей общине со стороны востока, которые будут читать Коран, но Он не будет опускаться ниже их глоток (не будет принимать)! Они будут появляться каждый век и будут разгромлены, будут появляться каждый век и будут разгромлены!» (Ахмад, Ибн Маджа). В другом изречении передано: «Во времена ближе к Концу света появятся люди молодые годами и бестолковые умами, которые станут произносить слова лучшего из созданий (т.е. Пророка, мир ему и благословение), однако они выйдут из Ислама подобно стреле. И вера этих людей не пройдет ниже их глоток...» (Бухари, Абу Давуд). Это и есть то самое деструктивное течение, которое Посланник Аллаха (мир ему) упоминал в своих хадисах и называл его последователей худшими из творений.

Их чрезмерный фанатизм за своими псевдо-шейхами, цикличность на буквализме и внешней атрибутике резко разграничили и разделили религиозное общество на «своих» и «чужих». Есть среди этих групп, например, движение «Мадхали», которым кажется, что смело можно определить кто «свой» только через определенных шейхов. Если ты признаешь и берешь фетвы Рабии Мадхали и его заместителя Убеида Джабри, значит ты свой. Если иначе, то ты – заблудший. Малообразованные мадхалиты Казахстана, начавшие практиковать Ислам не так давно, не владеют даже арабским языком, говорят о тех вещах, суть которых сами не понимают. Пытаются оценивать и дискредитировать тех или иных ученых. Обсуждают положение основателей знаний, статус которых на протяжении тысячи лет был непоколебим. А сколько еще других таких салафитских группировок и течений в нашей стране помимо мадхалитов? Хаджуриты, хаддадиты, раслановцы, александрийские салафиты, последователи Ясира Бурхамы, ихвано – фулейджиты, тафхириты-джихадисты различ-

ные течения». Деструкция, вывоз основ, бунт и разрушение – это то, что лежит за их антуражем «чистого ислама». Неудивительно, что данные группировки привлекают незрелых и пассивных людей, ведь их пыл затмевает критическое мышление, а такими людьми легко управлять. С тех пор как начался призыв Мухаммеда Абд аль-Ваххаба, Исламу было нанесено большое количество вреда. Это продолжается и в наше время. С самого начала его призыв был основан на обвинении большей части мусульман в многобожии и на притирании их криво.

Нынешние салафиты пытаются скрыть это, но история говорит нам о фактах. На 103 странице книги «История Неджда», ибн Ганнам, салафитский историк пишет о «геройствах» ибн Абдульваххаба и его последователей, описывая то, как они поступили с ибн Муаммиром, который сперва был лоялен им, а затем вышел из их подчинения: «Усман ибн Муаммир – правитель города Уейна – мушрик (многобожник), кафир (неверующий), и когда мусульмане (ибн Абдульваххаб и его подчиненные) убедились в этом, то сошлись на том, чтобы убить его после того, как он завершит пятничную молитву, и мы убили его на месте его молитвы, в мечети, в месяце Раджаб». Это же подтверждает и ибн Бишр в Унван аль-Маджд 1/60, так же см. ад-Дуран ас-Саннийя т.12 стр.20. Представьте себе, как для них легко было убить человека после молитвы джума, да еще и в мечети. И таких случаев было много.

И в настоящее время салафиты нередко становятся фигурантами уголовных дел по тяжелым статьям, как терроризм, участие в незаконных вооруженных формированиях, создание ОПГ, убийство, бандитизм, разбой, нападение с целью грабежа. Как же так получилось, что те, кто считает себя представителями «чистого» ислама решаются на подобное, совершая, с точки зрения законодательства преступление, а с точки зрения шариата тяжелый грех? Для этого необходимо, чтобы бы границы морали, этики, гуманизма были сняты. И они сняты. Во-первых, салафит не считает, что он совершает грех. В шариате для мусульманина кровь и имущество другого мусульманина – запреты. Их руководители за рубежом позаботились об этом, объявив, как и ранее в истории других мусульман «кафирами», т.е. неверными. Они выпускают фетвы, одна страшнее другой, объявляя мусульман, которые не читают 5-кратный намаз вышед-

возведет клевету, запутает людей и восхвалит себя тем, чего в нем нет» (см. ад-Дуран ас-Саннийя 10/51).

Здесь мы видим как Мухаммеда Абд аль-Ваххаб сам признает: и он и его шейхи не знали смысла слов Таухида до времени некоего озарения, после которого, он решил стать знаменосцем «чистого» ислама. Известный ханафитский ученый прошлого Махмуд Гангохи в одной из своих книг говорит Мухаммеда Абд аль-Ваххаба: «Он утверждал, что следует Сунне, поэтому многие люди присоединились к нему. Тем не менее, многие его взгляды противоречат Сунне... Как только его истинная сущность стала проявляться, многие люди покинули его течение. Стало очевидным, что его целью было захватить власть, а призывы следовать Сунне были нужны, чтобы просто привлечь последователей».

Сегодня, как я уже и говорил можно констатировать то, что внутри салафизма существуют ряд течений и направлений. На примере мадхалитов и тафхиритов можно увидеть, что салафизм является многоликим, на его идеологической платформе может возникнуть несколько деструктивных течений, которые могут отличаться от классического хариджизма и ваххабизма. Это свидетельствует о том, что даугатусалафия, как вероучение развивается и будет меняться, и его дробление на несколько направлений только подтверждает наш тезис о том, что он неоднороден и опасен. События последних лет на примере салафитов «ИГИЛ» или «мадхалитовсаафика» показали, что салафизм может иметь прямо противоположные направления в своей эволюции – от умеренности до крайности, хотя и те и другие воспитаны на учении и книгах Мухаммеда Абд аль-Ваххаба и шейха ибн Тайми. Рядовым казахстанским салафитам нужно одуматься и отказаться от разрушительной идеологии, вернуться в общество, следовать классической, признанной во всем суннитском мире, ханафитской школе, работать на благо Родины. Они должны, наконец, понять, что долгие годы были в политическом движении, которое создано для подрыва устоев государства. Им нужно научиться привязывать сердца к истине, а не к искусственно созданным кумирам, перестать жить трагедиями и криминальным духом, прекратив клевету и ложь на имамов ахли сунны.

Тимур АЛИЕВ

Еске алу



Мүзбел ауылының тумасы ардақты ана, аяулы сіңілім, бауырымыз **Жібек У а к и т к ы з ы З а к а р и н а н ы ң дүниеден өткеніне 31 қаңтар күні 25 жыл болды.** Жүрегі жайсаң, жарқын жүзін,тағлымды жарқын жолын еш ұмытпай, аяулы жанды ардайым сағынышпен еске алып, жаны жаннатта, тәні рахатта болсын дейміз.

Өмір өзен ағып жатқан өтпелі, Неткен қиын бұл тағдырдың өткелі Жанымызда жүрген жайсаң жан едің Жылдар өтті сен өмірден өткелі Жаның жарқын, жақсылыққа жаршы едің, Еске алады туған-туыс, барша елің, Нұр жүзінді жүрегінде сақтайтын, Ұмытпайтын жақындарың бар сенің.

Сағына еске алушылар: Апасы Құралай, жездесі Асан, қызы Дана, жиендері Саят-Гүлмира, бауырлары Асылхан, Уалихан, Айгүл, Гүлжан, Динара, Гүлнарна, Сауле

● Немного ностальгии...

Старожилы степной Нуры хорошо помнят, наверняка, что в районном центре был аэропорт. Прилетала туда двухкрылая воздушная машина АН-2.

Многие ждали этот воздушный кораблик. Летел он из Караганды. Благодаря ему люди в дальних отгонах и чабанских точках газету получали в день ее выхода, где бы она не издавалась. Даже в Москве. Люди, севшие в самолет, не опаздывали ни на празднества, не дай бог, ни на похороны...

Маленький самолетик доставлял почту и спешащих людей. Приземлившись в тогдешней Киевке «транзитом», летел дальше, в отдаленные совхозы. «Донской» (Куланотпес), СХО им. Щербаковского («Кайнар»), Амантауский... После присоединения Тенгизского района малая авиация соединила дальние аулы этого региона. Теперь в карте полетов летчиков были Баршино, Талдысай, Сарыузен, Шубаркуль...

Добираться на машине проезжая около тысячи километров было не всем по плечу да и не всем была охота тратить время и силы в бездорожье того времени. Хотя эти дороги сейчас нечем не лучше тех времен.

В областной центр, куда дорога была покрыта асфальтом, на автобусе обыватель терял 4-5 чарубля 90 копеек... А милый Караганды прилетал за 35-40 минут. А билет стоил ...4 рубля 10 копеек.

Не знаю как в других регионах, но в нашей области полностью исчезли двухкрылые машины малой авиации. Только изредка видим мы их на полях хлеборобов. Их заказывают не все и не

всегда. Только те, которые в состоянии оплатить полет «кукурузника» для обработки полей. Или в экстренных случаях агрономы и фитосанитары заказывают за счет госказны обработку полей при нашествии вредителей.

Своим «колхозным» именем эта

лоты, а он, воздушный труженик, стал «кукурузником».

А знаете ли вы, дорогой читатель, что «кукурузник» не совсем советская машина?

На этой машине стоит мотор, который еще более века назад придумали и собрали американцы.

После смерти Ильича, 1925 году, когда в стране не было не только авиапромышленности, но и не было фабрики по выпуску пуговицы, правительство СССР закупило у американцев лицензию и оборудование для производства этого двигателя. Наши инженеры перевели «дурацкие» американские дюймы в наши миллиметры и сантиметры и перевели название с инглиш в советскую аббевиатуру. Теперь мотор назывался по «человечески»: АШ-62ИР. Хотя для совка того и нынешнего времени, это название ни о чем не говорило. Вот с тех дальних времен этот американский мощный двигатель тянет наш «кукурузник» по воздуху.

Последнего начальника аэропорта Нуринаского района Василия Даниловича Хомича уже нет в живых. Автор этих строк был знаком и, как говорится,

был с ним на короткой ноге. «На любой конец страны и планеты отправлю, только закази билет на аэрофлот...». А он тогда не шутил. И отправлял меня, то в Алматы, то в Москву, то в Ташкент... И вправду, в аэропорте Нуры можно было приобрести билет в любую точку страны, куда долетали воздушные крейсера, лайнеры. А где эти громадины не могли приземлиться или вылететь из-за непогоды, вылетал и долетал АН-2. Да, тот самый «кукурузник»...

Может подумаем как возродить малую авиацию для села, а, господа хорошие?

Н. ХАМЗИН

На фото: тот самый «кукурузник» на лыжах

"КУКУРУЗНИК"



машина малой авиации обязана сельчанам. Двухкрылые, неприхотливые кораблики сельских небес помогали хлеборобам в химобработке полей пропалывающей и уничтожающей вредителей сельхозкультур. Когда самолет приземлялся на краю кукурузного поля, к нему спешили все мальчишки окрестности. С завистью смотрели на пилотов, на чистенькую голубо-сине-золотистую форму. Тогда, видимо, кто-то из абorigенов то ли от зависти, что сам не пилот, то ли от обиды, что его не взяли на борт корабля, обозвал летчиков «кукурузниками».

А слово это прилипло невинному самолету. С той поры не пи-

ОБЪЯВЛЕНИЕ

В районном центре продаются бывшие в употреблении домашние вещи: холодильник, шкаф для одежды, шкаф для посуды, полуавтоматная стиральная машина, массажер для ног и др. домашняя мебель.

Цены договорные.
Телефон: 22 3 92

«NURA» газетінің құрылтайшысы мен редакция алқасы басылымның бас редакторы Ермек Балташұлына туған әпкесі
РЫМКЕШТИҢ
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады

Ауа райы

Ауа райын зерттеушілердің мәліметі бойынша, бүгін – дері жарқырап тұрған күн ертеңнен бастап күн алабұлтта – нуы ықтимал. Әйтсе де, күннің ызғары сәл де болса бәсеңдейді. Салқындық – –5 – –12 градус аралығында. Әрине, түн баласы, әдеттегідей салқын. Аяздың «шымшымасы» – 19 градусқа дейін жетуі әсте ғажал емес.



Аула тазалайтын асау – мүсейлеріңіз сай – лай беріңіздер: жексенбі мен аптаның басындағы екі тәулікте моласта – май қар жаууы ықтимал.

Әр күндеріңіз сәт – тілікке толы болсын, ағауың!

Погода

По даннам гидрометеорологов, сегодняшней солнечный день завтра сменится переменной облачностью. Все же для аерала – зенита зимы, дни будут относительно «теплыми». Дневная температура воздуха будет колебаться в пределах –5 – ти, –12 – ти градусов. Конечно же, ночью будет властвовать мороз до 19 – ти градусов ниже ноля ртутного столба.

В Воскресенье и в первые дни недели – понедельник и вторник ожидается бесперерывный снегопад. Так что, дорогие земляки, готовьте свои большие лопаты для очистки двора...

Добрых Вам дней, нурынцы!

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ!

Құрметті оқырман! 2023 жылдың мерзімді басына жазылуға қазан айының 3 күні басталды. 90 жылдық тарихы бар «Нұра» аудандық қоғамдық-саяси газеті бұрынғы тәртіпке сай апта сайын жарық көреді және басылымға жазылу жыл бойы жүреді. Оған өңірдегі кез-келген пошта бөлімшесінде жазылуға болады.

Өздеріңіздің «Нұра» газеті әр шаңырақта болады деген сенімдеміз.

Жылдық жазылу бағасы – жеке тұлғалар үшін 3000 тг, 6 айға – 1500 тг, 3 айға – 750 тг. Индекс: 65421.

Занды тұлғаларға жылдық жазылу бағасы – 4000 тг. Жарты жылға 2000 тг. Индекс: 15421.

Сіздің апталықты алдыруыңызға бөгет жасау, басқа газетке жазылуға үгіттеу Қазақстан Республикасының азаматы ретіндегі құқыңызға қол сұққандық, заңға қайшы әрекет болып табылады.

Басылым тұрғындар мен аудандағы мекемелерден, кәсіпорындар мен шаруашылықтардан келетін хабарландырулар мен жарнамаларды, құттықтауларды, көңіл айтулар мен қазанамаларды қалыптасқан тәртіппен, бұрынғы баға бойынша қабылдайды.

«Нұра» газетінің редакциясы

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

Уважаемый читатель! Имеющая почти вековую историю общественно-политическая газета «Нұра» продолжит свое издание, как и прежде, еженедельной периодичностью. Подписаться на газету можно в любом почтовом отделении района в течении всего года.

Также сообщаем, что началась подписка на периодические издания. И мы надеемся, что ваша газета «Нұра» будет в каждой семье.

Стоимость годовой подписки – 3000тг, на 6 месяцев – 1500тг, на 3 месяца – 750тг. Индекс: 65421.

Цена годовой подписки для юридических лиц – 4000 тг. Полгода – 2000 тг.

Индекс: 15421. Воспрепятствование на подписку, доставку и получение газеты оценивается как противоправный акт на ваше гражданское право как гражданина Республики Казахстан.

Издание радо будет помещать на своих страницах объявления, поздравления, соболезнования и некрологи как от организации и учреждения, так и от отдельных юридических лиц.

Редакция газеты «Нұра»

Газет аптасына 1 рет шығады

Индексі: 65421

Таралымы: 610

Тапсырыс: 5

ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ

Райхан Сәкеновна
ЖУНУСОВА

Меншік несі: Фермерское хозяйство «Жунусова Р.С.»

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2021 жылғы 30 желтоқсанда қайта есепке қойылып, №КЗ90ВРУ00044678 куәлігі берілген.

Бас редактор

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

Индекс: 100900
Мекенжайымыз:

Қарағанды облысы Нұра ауданы, Нұра кенті, Талжанов көшесі, 5а үй.

Электронды адрес: gazeta-nura@mail.ru

Телефондары: 22-4-77

Газет ЖШС «Типография Арко» баспаханасында басылған. Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15

Телефондары:
41-17-83,
41-17-80

Офсеттік басылым, көлемі 2,0 баспа табақ. Газет аптасына 1 рет шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді